

Сұлтанбекова Ұлжан

**КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІ:
ТАРИХИ АСПЕКТ (XVIII ғ. соңы - XIX ғ. жартысы)**

Сұлтанбекова Ұлжан

**КОЧЕВОЙ БЫТ КАЗАХОВ: ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ
(конец XVIII в. – середина XIX в.)**

Материалдық мәдениеттің маңызды элементтерінің бірі мал шаруашылығымен, егіншілікпен, үй кәсіпшілігімен және қолөнерімен байланысты еңбек құралдары болып табылады. Көшпелі мал шаруашылығына күрделі еңбек құралдары керек болған жоқ. Жылқы ұстау үшін құрық, арқан пайдаланылды, қайыстан немесе жылқының жал-құйрығынан тұсау мен шідер жасалды; құлындар мен боталарды байлау үшін жуан арқандар, ноқталар пайдаланылды; мал суаруға, қауға, науа және т.б. дайындалды. Барлық осы айтылған қарапайым еңбек құралдарын, ер-тұрман әбзелдерін қоспағанда, мал өсірушілер өздері жасап алып отырды. XVIII ғасырдың аяғында қазақ даласына орыстардың қысқа шөп дайындауға арналған шалғылары біртіндеп тарала берді. XIX ғасырдың орта шегінде шалғымен қоса темір айыр да кеңінен қолданыла бастады.

Қазақстан аумағында суармалы және тәлімді егіншіліктің ежелгі ошақтары ертеден болып келген еді. Осыған байланысты қазақтарда егіншілік құралдарының қарапайым түрлері болды. Мәселен, тіс ағаш, мала, егін оратын орақ, ағаштан жасалған аша, ағаш күрек, сыпыртқы егіншілік құралдарына жатады. Егісті суару үшін суды көтеріп шығаратын әр түрлі аспаптар - атпа, шығыр, сондай-ақ кетпендер мен күректер пайдаланылды, оларды жергілікті ұсталар өздері істеді [1].

Салт атқа арналған әбзелдерді қоспағанда қазақтың мал шаруашылығына және егіншілікке байланысты негізгі еңбек құралдары Қазақстанның бүкіл аумағында бір-біріне ұқсас болды. Қазақтың ат-тұрман әбзелінің ішіндегі ердің сыртқы түрі мен дайындау тәсілінде жергілікті ерекшеліктер байқалады. Олардың үлгілері тиісті өзіндік атаумен аталып келді. Ердің ең көп таралған түрі, қайыңнан шауып жасалған алдыңғы қанаты кең «қазақ ері» болып табылады. Мұндай ерлер құрамдас бес бөліктен - алдыңғы қас пен артқы қастан, екі жақтағы қапталдан және орта ағаштан тұрды. Ердің ағаш сүйегі мұқият өңделді, ал халықтың ауқатты топтарына арналған күміс кейде алтынмен қақтап түрлі-түсті бағалы тастан көз салған

түрлері болды. Әсіресе әйелдерге арналған ерлер сәнді безендірілді.

Оңтүстік Қазақстанда ердің «құранды ер» дейтін түрі таралған. Ол 22 құрамдас бөліктен тұрған және бұл элементтердің әрқайсысының өз атауы болған, бұл бөліктердің бәрі желіммен жапсырылып, сыртынан түйенің көнімен немесе тарамысымен және қайыңның қабығымен тартылып, күміспен немесе алтынмен безендірілген.

Қазақтардағы көшпелі тұрмысқа бейім шаруашылықтың үстемдігі алуан түрлі үй қолөнерінің: тоқымашылықтың, киіз басудың, ағаш, металл, тері, сүйек және мүйіз өңдеудің дамуына себепші болды. Тоқымашылықпен және киіз басумен көбінесе әйелдер айналысты, олар негізінен алғанда үйге керек-жарақтардың тоқымашылық пен іскерлікке қатысты заттарын: кілемдер, алашалар, шекпендер, киіз үй ішіндегі алуан түрлі басқұрлар, баушулар, текеметтер, түскиіздер, сырмақтар, аяққаптар және т.б. дайындады.

Ағаш, сүйек, мүйіз және тері ұқсатуға байланысты істермен үйшілер мен ағаш ұсталары, зергерлер, ерімшілер мен етікшілер және т.б. айналысты. Еңбек құралдары едәуір қарапайым бола отырып, қолөнерші шеберлер қазақтардың қолданбалы өнерінің биік деңгейін сипаттайтын тұрмыстық және мәдени жағынан алғанда әр түрлі бұйымдар жасады.

Ибн Рузбихан қазақтардың қалай көшетіні туралы... Нақты мәліметтерден қазақ хандарының түйе және ат жегілетін арбалармен көшіп жүретіні аңғарылады. Көшкен кезде арбалар бірінің ізімен бірі жүреді, бұл арбалардың көп екені сонша, аялдау үшін тоқталған кезде бірімен-бірі араласып, жүздеген монғол ташына созылады. Қазақтар өте бай, тіпті кедей деген үйдің өзінде бірнеше мың қой, жылқы мен өгіз болады. Олар қаншалықты бай болса, соншалықты ержүрек те, ұрыста біреуі он адамға қарсы шайқасып, не жеңіп шығады, не мерт болады. Олардың көшіп жүретін жерлері Итильдің ағысын бойлай Дешті Қыпшақтың ішкі жағында созылып жатыр, көшіп-қону екі айдан астам уақытқа созылады: жол-жөнекей жабайы аңдарды аулап, олардың терілерін жинайды. Қазақтардың қысқы

қыстауы Сырдария бойында: қыстаулары өзенді жағалай орналасып, үш жүзге жуық ташқа дейін созылып жатады...

Киіз үйдің жасау жабдықтары туралы. Киіз үйдің ағаш жабдығы үйдің сүйегі деп аталады. Үйдің сүйегіне жататындар: сықырлауық, иткірмес, кереге, уық, шаңырақ. Керегеге қатысты атаулар: керегенің қанаты (төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он екі қанат), керегенің басы, керегенің құлағы, керегенің қасы, керегенің көзі, керегенің сағанағы, керегенің аяғы, керегенің иегі [2].

Киіз үйдің киіз жабдығы; түндік, үзік, туырлық, киіз есік, дөдеге.

Киіз үйдің арқан-жібі: таңғышы - түндік бау, туырлық бау, үзік бау, белбеу арқан (жіп), бастырық арқан, тегеріш, басқұр, таңғыш, уық таңғыш, жел бау, уық бау, керме жіп, шалма. Киіз үйдің тіреу ағаштары, байлау қазықтары: сырық, бақан, адалбақан, жел қазық, төр қазық.

Киіз үйдің шилері: жез ши, шым ши, өре ши.

Киіз үйдің жасаулары: текемет, тұс киіз, сырмақ, кілем, шымылдық, алаша, көрпе, жастық, бөстек, тайтері, тулақ, төсек ағаш, жүкайяқ, сырлы кебеже, бесік, құс тұғыр, абдыра, сандық, шарайна.

Ибн Рузбехан қазақтың киіз үйі туралы... Қазақтар ағаш өндеуді, арбалар мен күймелі арбалар жасауды білген. Олардың (қазақтардың) ағаштан жасалған үйлері зәулім сарайлар секілді еңселі, бар дүние сыйғандай кең. Ақ теректен қиылған қабырғалары керемет мықты, мінсіз жасалған. Үйдің үсті көздің жауын алатын неше түрлі киізбен, қой терісімен жабылады. Оларда сұлтандар мен қазақтың білектілері тұрады. Бұл үйлер ете әсем, олардың әрқайсысына шынтақтап, дамылдап жатқан жиырмадан астам адам сыяды. Бұл үйлер арбаға орнатылады да, оған көп түйе жегіледі. Мен олардың құрылысына қайран қалдым, өйткені арбаға орнатылған бұл үйлер өте-мөте еңселі әрі аңғарадай кең, жан-жағынан киізбен жабылатын терезелері мен желдеткіштері бар. Ішіне кірсең олар құрылыс жөнінен тамаша, әрі жасау-жабдығы сұлтандардың үйлеріндегі ғажап әсем... [3].

Көшпелі қазақтардың негізгі тұрғын үйлері көші-қонға ыңғайлы киіз үйлер болатын. Бұл - Еуразия көшпелілерінің ертеден келе жатқан тұрғын үйлерінің бірі. Көшпелі тұрмыс жағдайларында киіз үйлер тұрғын үйдің өте қолайлы түрі болды. Оның жығып, тігуі әрі жеңіл, әрі тез, көлікке теңдеп артып жүруге қолайлы, жазда салқын, ал қыста жылы болатын.

Қазақтың киіз үйлерінің үлгілері негізінен алғанда олардың үлкендігімен, яғни тігілген

киіз үйде қанат деп аталатын кереге санымен анықталатын. Қанаттар саны 4 қанаттан 12 қанатқа дейін және одан да көп болды.

Сыртқы түрі бойынша қазақтың киіз үйлері күмбез тәрізді және шошақ болып келетін. Алғашқы түрі - батыс, солтүстік, орталық және шығыс, ал екінші түрі Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында таралды. Қазақ үйлерінің мұндай түрлері шаңырақтарының көлеміне және шаңырақтарды көтеріп тұратын уықтар иінінің иілу мөлшеріне байланысты болды.

Киіз үйдің сүйегі кереге мен уықтан, шаңырақтан және «сықырлауық» деп аталатын жарма есіктен тұратын.

Киіз үй сүйегін айналдыра уық қарына дейін 3-4 туырлық, шаңырақ пен кереге басының арасын 2-3 үзік, сықырлауықты киіз есік жауып тұратын болған. Киізден басылатын бұл әбзелдер «киіз үй жабуы» деп аталған. Киіз үйдің киіз жабулары көбінесе ақ қойдың жүнінен басылған ақ киізден пішілген.

Қысқы қыстаулар орналасқан өзендердің аңғарлары мен тау шатқалдарына қазақтардың тұрғын үйлері тұрақты үлгімен салынатын. Бұлар жер бетіне киіз үй сияқты етіп тастан (шошала), қамыстан (доғара) тұрғызылған құрылыс түрінде, тік бұрышты жеркене және жертөле, жер бетіне тік бұрышты етіп салынған шым үй және саз балшықтан домбаздалған соқпа там болды. Қазақстанның орманды аудандарында ағаштан салынған алты қырлы шошалалар мен орыс үлгісіндегі бір бөлмелі үйлер пайда болды [4].

Қыстаулардағы отырықшылыққа бейімделген тұрғын үйлердің дамуы, үй-жайлар санының көбеюі және орыс мәдениетінің ықпалы тұрғын үйлердегі керек-жарақтардың едәуір өзгерісіне әкеп соқты. Дәстүрлі ағаш жәшіктер - кебежелердің, көрпе-төсек жинауға арналған жүкайяқтардың және ескіден келе жатқан төс-ағаштардың орнына, қазақтардың тұрмысында әйнектелген ыдыс қоятын шағын шкафтар, жақтаулы ағаш кереуеттер, іші құлыпталатын, көлемі әр түрлі сандықтар пайда болды.

Үй тігу - көшпелі халықтың тіршілігімен бірге жасасып келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойынның тәрбиелік мәніне баға жетпейді. Киіз үй қазақтың жаратылысынан бергі негізгі баспанасы болғандықтан, оны тігудің толып жатқан қырлары мен сырлары болған. Осыны меңгеру барысында руаралық кездесулер кезінде, спорттық ат ойындарымен қоса, киіз үйді тігуден де халық шеберлігін, даналығын байқау үшін өзара жарыстар өткізіліп тұрған. Арнайы жүлде үшін ат-шапан тағайындалған. Киіз үйді

тігуге ру, ел атынан үш ер және екі әйел бөлінген.

Топ құрамындағы әйелдердің міндеті - уықты қадасып, үйдің қаққасы тұрғызылып, туырлық жабылғаннан кейін, әшекейлеу, үйді сәніне келтіру, яғни әшекей құралдарын іліп, бау тағу, үй мүлкін өз орнына орналастыру және басқа да жұмыстарды істеу. Ең қазығы, бұл үйді тігуге әдеттегі қолданылатын бақан берілмейді. Сондықтан шаңырақты ер адамдар уықпенен белгілі бір уақытта ғана көтере алатын болған. Киіз үйді тігуге 6-8 қанатты үйлер берілген. Мұндай жарыс Наурыз, күзем алу сияқты еңбек процестеріне байланысты өткізетін жиын-тойларда дәстүрге айналған.

Киіз үйді тіккенге арнайы уақыт белгіленбеген, тек қай топтың адамдары жарыс талабына сай үйді бұрын тіксе, сол топ жеңімпаз аталған [5].

Киіз - қазақтың үй шаруашылығында тіршілігіне керекті негізгі бұйымы. Жалпы, көшпелі халық өмірінде киіздің алатын орны ерекше. Басқасын былай қойғанда, қазақтың баспанасы, астындағы төсеніші, үстіндегі киімі екенін айтсақ та жеткілікті. Көшпелі халық дәстүрінде қолдан киіз басудың аса жетілген технологиясы болды. Ең әуелі, жүн дайындалған. Жүннің де толып жатқан сорттары болғандықтан, қай бұйымға (туырлыққа ма, текеметке ме, т.б.) қандай жүн пайдаланатындығы анықталған. Жүнді сабау арқылы шаң-тозаңнан, кірінен тазартып, түтіп алатын болған. Содан кейін оны шыптаның (шиден тоқылған) үстіне тегіс бір қабат етіп жаяды. Яғни қанша қалыңдық керек болса, сол мөлшерге түтілген жүн тегістеліп төселеді. Содан кейін барып жүннің үстіне қайнап тұрған ыстық су бүркеді, яғни киізді пісіру жұмысы

басталады. Демек, киіз қайнап тұрған сумен толық суарылады, піседі [6].

Сосын ол шыптаға оралып, үш жерінен - екі басынан және ортасынан арқан байлап, үш жігіт домалатып сүйретеді. Қалғандары киіз басына қатарға тұрып, киізді аяқтарымен тепкілеп, артынан еріп отырады. Қанша уақыт сүйреп және тепкілеу керек екендігін киіз басудың шебері айтады. Бұл процес болғаннан кейін киізді шыптадан босатып, жайып қойып, тағы да қайнаған суды құйып, екінші рет пісіреді. Ал киіз өзінің түріне келгеннен кейін, оны шыптасыз орап, тағы да үстіне ыстық су себіледі. Енді шыптамен алып жүргенде тепкілеген адамдар (негізінен әйелдер қауымы) шыптасыз оралған киіздің ұзына бойына тізерлеп отырып, ораманы айналдырып, екі шынтақпен басады. Бұл процестің орындалуы, айталық, киіз бойында отырған 10-15 адам болса, барлығы бір уақытта шынтақтарымен басады. Әр басқан сайын ораманы жартылай аударып отырады. Осылайша киіз басу процесі сағаттап жалғасатын болған. Әсіресе, киіз үйдің туырлықтарын, үзік-түндіктерін дайындау ісі бір күнде біте қоймайды. Жалпы, киіз басу үшін ауыл адамдары, әсіресе әйелдер қауымы көптеп жиналады. Ал шыптаға оралған киізді сүйреуге ауылдағы жасөспірім балалар да көмекке келген. Жалпы, қазақ ауылында киіз басу үлкен өнер саналған.

ӘДЕБИЕТ:

1. ҚРОММ. 382-к., 1-т., 3040-іс, 223-241 пп.
2. ӨРОММ. 1-к., 11-т., 146-іс, 90 п.
3. Ибрагимов С.К. «Михман-нама-и Бухари» ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Қазақстан тарихы жөніндегі дерек көзі санатында. - А., 1960.
4. ӨРОММ. 48-к., 1-т., 486-іс, 15 п.
5. ҚРОММ. 145-к., 1-т., 625-іс, 14 п.
6. Қазақстан тарихы. III Том. Алматы, 1998.